

Күні: 28.03.2023

Қатысқаны:

Қатыспағаны: О.Ө. Абдрахманов - себепті

Күн тәртібінде:

1. №3 педагогикалық кеңестің шешімдері мен ұсыныстарының орындалуы
2. III тоқсанның қорытындысы (Хусайн Х., Шахатова Б.А., Жунусова А.Қ.)
3. Бастауыш сыныптар бірлестігі бойынша тәжірибелі, жаңашыл мұғалімдердің іс-тәжірибесін тарату. (Серікова А.С.)
4. 4-9 сынып оқушыларының мемлекеттік аттестацияға дайындығы, «Алтын белгі» иегерлерін нақтылау. (Хусайн Х., Шахатова Б.А., Хакимжанова К.М.)
5. 8 «В» ICILS халықаралық зерттеуіне қатысуы, дайындық барысы (Хусайн Х.)

Ағымдағы мәселелер:

- 1) 1-сыныпқа оқушыларды қабылдау ережелері (Шахатова Б.А.)
- 2) Мектеп логопедінің есебі (Темірбекова М.)
- 3) Оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі (Базылханова Ж.)
- 4) Оқушылардың тасымалдануы (Тилеухан М.)
- 5) Күнделік.кз және НОБД (Хакимжанова К.М.)

Бірінші мәселеде үшінші педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы бойынша пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері мәлімет берді.

Екінші мәселеде бойынша Б.А.Шахатова бастауыш сыныптар бойынша сыныптардың үшінші тоқсанда көрсеткен білім сапасына тоқталып өтті.

2-4 сыныптар бойынша 105 үздік оқушы, 165 оқу екпіндісі бар. Білім сапасы 65% үлгерімі 100 % құрайды. Жекелей сыныптар бойынша білім сапасы:

2 «А»-73 %, 2 «Ә»-75%, 2 «Б»-79 %, 2 «В»-57 % 2 «Г»-65 %, 2 «Д»-57 %
3 «А»-73 %, 3 «Ә»-83%, 3 «Б»-62 %, 3 «В»-56 %, 3 «Г»-59 %, 3 «Д»-60 %
4 «А»-66 %, 4 «Ә»-64 %, 4 «Б»-66 %, 4 «В»-62 %, 4 «Г»-52%, 4 «Д»-62 %

Хусайн Х. 5-11 сыныптардың үшінші тоқсанда көрсеткен білім сапасы туралы айтып өтті.

5-11 сыныптар бойынша үлгерім сапасы-100%, білім сапасы-54 % құрайды.

Жекелей сыныптар бойынша білім сапасы айтылып, төменгі сапаны көрсетіп тұрған сыныптар аталып өтті. Олар:

6 «Д» -43,4 %, 7 «Д» -34,7 %, 8 «А» -40 %, 8 «В» -40 %, 9 «Ә» -40 %, 9 «Г» -35 %, 9 «А» -40 %

Аталған сыныптар бойынша сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері сыныптың сапасының төмен болу себептері мен оған жүргізіліп жатқан жұмыстарын түсіндіріп өтті.

Сыныптар бойынша білім сапасы жекелей пәндер бойынша да көрсетілді.

Мектеп басшысы тарапынан қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімдеріне «Абай оқуы», «Мұқағали оқуы» т.б оқуларға қатысатын оқушылардың санын көбейту тапсырылды.

Мектеп директоры: Наурыз айында мектепте «Көркемөнерпаздар» байқауының аудандық кезеңі өтті, соған біздің мектебімізден қатысқан оқушылар өте аз болды. Себебі қандай?

Бастауыш сынып мұғалімі Шахатова Б.А: бастауыш сыныптан мәнерлеп оқу бойынша біраз оқушыны қатыстырдық. Ән айту бойынша оқушы болған жоқ. Себебі бізде музыка пәнінің мұғалімі

Одрахманов Олжас сабағын дұрыс жүргізбейді. Бүгін педагогикалық кеңесте де жок. Мектеп басшысы мұғалімдердің шағымдарын ескеретінін айтты.

Төртінші тоқсанда білім сапасын төмен көрсеткен сыныптардың сабақтары бақылауда болады және бастауыш сыныптарда жекеленген пәндер бойынша қадағалауға алынатынын айтып өтті оқу ісінің орынбасары.

Үшінші мәселе бойынша бастауыш сыныптар бірлестігі бойынша Серікова Айжан Серікқызы «Тиімді әдіс-тәсілдер-сапалы білім кепілі» деген тақырыпта өзінің сабақта қолданып жүрген әдіс-тәсілдерімен бөлісті. Мақсаты: мұғалімдерді оқыту мен оқудағы бағдарламаның жеті модулінің мақсаттары мен негізгі ұғымдарына сай сабақта қолдануға болатын әдіс-тәсілдермен таныстырып, іс-тәжірибесінде пайдалануға бағыттау.

Бірнеше әдіс-тәсілдерді көрсетіп, түсіндіріп шықты және өзінің сабақтарында қолданғандағы нәтижесімен бөлісті.

Төртінші мәселе бойынша Хусайн Х. 9 сыныптардың аттестацияға дайындығы туралы айтып өтті. Қазіргі таңда testter.kz арқылы 9 сыныптар күнде математика, қазақ тілі, география пәндері бойынша тест жұмыстарын тапсырып отыр. Осы уақытқа дейін алынған тест нәтижелері:

9 «А» сыныбы 16 %, 47 %, 59 %

9 «Ә» сыныбы 10 %, 10 %, 29 %

9 «Б» сыныбы 20 %, 53 %, 64 %

9 «В» сыныбы 17 %, 56 %, 50 %

9 «А» сыныбы 0 %, 10 %, 17 %

Пән мұғалімдері 9 сыныптарға сенбі күні әр пәнге екі сағаттан дайындық жұмыстарын жүргізіп отыр. Алғашқы білім сапасына қарағанда қазір өсім бар..

4 сынып оқушыларының мемлекеттік аттестацияға дайындығы туралы Шахатова Б.А айтып өтті.

Осы уақытқа дейін алынған тест нәтижелері:

Математика - 91%, 33%, 31%

Қазақ тілі - 51%, 39%, 45%

Әдебиет - 47%, 43%, 62%

Дүниетану - 58%, 39%, 40%

Жаратылыстану - 38%, 35%, 44%.

Осы уақытқа дейін 4 сыныптардан тест қағаз түрінде алынып келді, енді компьютер арқылы алынатын болады.

Оқу ісінің меңгерушісі Хакимжанова К.М: 11 сыныпты алтын белгіге бітірейін деп отырған оқушылар 11 «А» сыныптан Сатығұл Мақпал, 11 «Ә» сыныптан Алимова Мерей. Аталған оқушылардың құжаттары облысқа жіберілгендігін айтып өтті. Соныменқатар екі 11 сыныптан да ерекше аттестатқа үміткер оқушыларда бар. Осы оқушылардың сабақтарын қадағалау сынып жетекшілеріне тапсырылды.

Бесінші мәселе бойынша оқу ісінің меңгерушісі Хусайн Х. 8 «В» сыныбы ICILS тапсыратынын айтып өтті. ICILS-оқушылардың цифрлық сауаттылығының қалыптасу деңгейін бағалайтын халықаралық зерттеу. Зерттеуге қатысушылар: 8 «В» сынып оқушылары, 8 сыныпқа сабақ беретін мұғалімдер, мектеп директоры мен АКТ мамандары.

Зерттеуге қатысушылардан ICILS 2023 сауалнамасы сәуір айында алынады.

Мектеп әкімшілігі ICILS халықаралық зерттеу туралы 8 «В» сынып ата-аналары мен оқушыларына және мектеп психологы Ташетова Н.Б оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Ағымдағы мәселелер:

- 1) Бастауыш сыныптар бойынша оқу ісінің меңгерушісі Шахатова Б.А. 1 сыныпқа оқушыларды қабылдау ережелерімен таныстырды. 1 сыныпқа оқушыны қабылдау 03.04-01.08 дейін

жүргізіледі. Егов арқылы баланы ата-анасы 1 сыныпқа өздері тіркей алады. Егер тіркей алмаған жағдайда эпп алып, мектепке келіп тіркесе болатыны айтып өтті.

- 2) Мектеп логопедінің есебі Темірбекова М.А. есебі тыңдалды ПМПК қорытындысы бойынша 16 оқушы бар. ЕББҚ бар оқушылар есепке алынды. Невропатолог қорытындысын негізге ала отырып, қазіргі таңда 3 сынып оқушысы Нұрболатқызы Айшаға сынып жетекшісінен, әр пән бойынша мінездеме, мектеп психологынан, логопедтен мінездеме алынып ПМПК комиссиясына қайта қарауға ұсынамыз. Себебі, оқушы 1 сыныптың бағдарламасын игере алмауда, жеке оқыту бағдарламасына көшірілуі керек. Келесі оқу жыпында 3 сыныпта жеке бағдарламамен қайта оқытылуы керек.
- 3) Оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін Базылханова Ж.Б айтып өтті. Қазіргі таңда 223 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп отыр. Асхана иесі Г.А.Кабжанованың демеушілігімен меморандум бойынша тамактанатын 7 оқушы бар. 1 сыныпта отырған 125 оқушы тегін тамақпен қамтамасыз етіліп отыр.
- 4) Оқушылардың мектеп автобусымен тасымалдануы туралы Тилеухан Маржан айтып өтті. Оқушыларды тасымалдайтын 3 автобус бар. Автобуспен тасымалданатын барлығы 709 оқушы бар. Жібек жолы орта мектебінің автобусымен 42 разъезден 14 оқушы, Жалтыркөл ауылынан 5 оқушы бар.
- 5) Хакимжанова К.М. күнделік.кз және НОБД айтып өтті. НОБД бойынша мектептің жалпы бала саны тексерілгенін айтып өтті. Тексеру барысында кездескен кемшіліктерді сынып жетекшілеріне ескертті. Сынып жетекшілерге келген, кеткен оқушыларды айтып отыру керектілігі ескертілді.

Мектеп бойынша Күнделік кз-тің апталық есебі айтылды. Апталық есеп бойынша төмен пайыз көрсетіп тұрған мұғалімдерге ауызша ескерту берілді.

Олар: Жакен Манар, Сагидуллаев Б, Абдрахманова А.Е., Қойшыбаева Б.К.

Қаулы:

- 1) 3 тоқсанның қорытындысы қанағаттанарлық деңгейде, білім сапасын төмен көрсеткен 4 «Г», 4 «Д», 3 «Г», 3 «Д», 9 «Г», 7 «Д», 9 «Ә», 8 «В», 8 «А» сыныптардың сабағы бақылауға алынсын. 4 сыныптар сабақтары бақылауға алынып, бірлестік жетекшілері талдау жұмыстарын жүргізісін.
- 2) Серікова А.С. дайындаған жұмысы «қанағаттанарлық»деп бағалансын
- 3) 4,9 сыныптар бойынша аттестацияға дайындалуға кабинет іріктеліп алынып, дайындық жұмыстары жалғасын тапсын.
- 4) 8 «В» ICILS халықаралық зерттеуіне дайындық жалғасын тапсын және информатика пәнінің мұғалімі Бегемкүл Саматка жүктелсін.
- 5) 1 сыныпқа оқушы қабылдау Егов порталы арқылы жүргізілсін және сынып жетекшілері порталға енгізілсін.
- 6) Алтын белгіге үміткер оқушылардың құжаттары ретке келтіріліп, дайындық жұмыстары жалғасын тапсын.
- 7) Мектеп логопедінің есебі есепке алынсын
- 8) Әлеуметтік педагогтың есебі есепке алынсын
- 9) Күнделік кз бойынша апталық қорытындысы жасалсын және есепке алынсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы

мектеп директоры:

Хатшы:

А.А.Туркестанбаева

Торсықбаева Ж.С.